

8D01510 – «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жазира Даулетхановна Алибекованың «Бейіндік сынып оқушыларын практикалық мазмұнды есептерді математикалық модельдеу әдісімен шығаруға оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қоғамның қазіргі даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттарын іздеу және жаңарту қажеттілігі Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі мектепте білім берудің басты мақсаты: сыртқы ортамен тиімді қарым-қатынас жасауға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайын тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі кезде жалпы білім беру жүйесіне реформалар жүргізіліп, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Болашақ қоғам мүшелерінің өмір сүріп нәтижелі қызмет етуіне математикалық білімдердің жасайтын ықпалы мол. Математика ғылым ретінде қолданбалы есептен пайда болған десек те болады және қолданбалы есеп арқылы дамиды. Мектеп математикасын қолданбалы есепсіз құру мүмкін емес.

Мектеп математика курсының қолданбалы бағыты математикалық білім беру мақсаттарына жету үшін жеткіліксіз екені айқын, себебі алгебра курсына математика курсының ішкі қажеттіліктеріне қызмет көрсететін математикалық аппарат қалыптасады да, мектептегі басқа пәндердің қажеттіліктері жеткілікті қарастырылмайды, ал геометрия курсы негізінен дедуктивті тұжырымдарға басым назар аударады. Математиканы дамыта отырып оқытуға бағытталған эксперименталды бағдарламалар жасалуда, оны жүзеге асыру нәтижесінде оқушылардың санасында адамның қажеттіліктерін бейнелейтін және оның қоршаған әлемде өмір сүруіне тиімді жағдайды қамтамасыз ететін, қоршаған әлемнің заңдылықтарын бейнелейтін математикалық ұғымдар кешені қалыптасады. Мұнда интеллектуалды көлемді мазмұн мен оқушылардың ойлау әрекетінің сәйкес тәсілдері ғана емес, сонымен қатар математика пәнін оқушыларға қызықты әрі пайдалы пәнге айналдыратын практикалық бағдарлануы маңызды болып табылады. Осындай ұмтылыстар оқушыларға қоршаған әлемнің математикалық модельдерін құруға, зерттеуге және пайдалануға оқытумен байланысты.

Жалпы алғанда, мектеп математика курсының кез келген тақырыбы қандай да бір математикалық модельді құрумен аяқталады, сонымен қатар математикалық модель құрғанда индуктивтік және дедуктивтік әдістер пайдаланылады. Талқылаулар нәтижесінде қандай да бір формуланы, графикті, алгоритм, т.с.с. ала отырып біз модельдеумен бетпе-бет келеміз,

объект неғұрлым маңызды болса, оның танымдық бейнелерін жан-жақты ашатын түсіндірмелері соғұрлым көбірек болғаны дұрыс.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында бейіндік сыныптарда практикалық мазмұнды есептерді математикалық модельдеу әдісімен шығаруға оқытудың теориялық негіздері қарастырылған. Тарауда математикалық модельдеудің орны мен рөлі талданып, сонымен қатар бейіндік сынып оқушыларына практикалық мазмұнды есептерді математикалық модельдеу әдісі көмегімен шығаруға оқытудың дидактикалық негіздері айқындалған.

Ізденуші Жазира Даулетхановна бейіндік сынып оқушыларына практикалық мазмұнды есептерді математикалық модельдеу әдісімен шығаруға оқытудағы дидактикалық принциптерді, дидактикалық шарттар мен функцияларын, практикалық мазмұнды есептерге қойылатын талаптарын айқындады және практикалық мазмұнды есептерді шығару арқылы мектеп бітіруші түлектің болашақ мамандығының бейінімен байланысты есептерді шығарудағы шығармашылық ұстанымда оқытудың элементтерінің орнын негіздеді.

Диссертациялық жұмыстың екінші тарауында бейіндік сыныптарда практикалық мазмұнды есептерді математикалық модельдеу әдісімен шығаруға оқытудың әдістемелік негіздері айқындалған. Зерттеуші ұсынған әдістеме еліміздегі жалпы білім беретін орта мектептер үшін маңызы бар еңбек деп тануға болады, себебі зерттеуде мектептегі математикалық білім беру саласының бүгінгі күнгі өзекті мәселелерінің бірі ретінде шешімі келтірілген.

Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде ізденуші Ж.Д.Алибекова жоспарланған жұмыстарды толық орындап шықты. Жұмысты орындау барысында ізденуші табандылық танытып, қол жеткізген нәтижелерге ғылыми негізделген талдаулар жасау арқылы өзінің зерттеушілік қабілетін таныта білді.

Диссертациялық жұмыс мақсатты түрде, мазмұнды, іс-әрекеттік, рефлексиялық компоненттерді біріктіре отырып жүргізілген.


Жұмыста зерттеудің нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері нақты түрде анықталған, зерттеудің болжамы жасалған, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы ашылған. Сонымен қатар зерттеу жұмысының әдіснамалық деңгейі, теориялық талдау оң бағалауға лайық. Зерттеу жұмысының құрылымы логикалық және негізділікпен сипатталады. Диссертациялық зерттеудің тиімділігі дәлелденген және автор зерттеуге жоспарланған мақсатына және оң нәтижелерге қол жеткізген.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланған. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, жалпы саны 10 ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Соның ішінде 1 мақала Scopus деректер

базасына енетін жарияланымда, 3 мақала «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектерінде, 1 оқу-әдістемелік құрал баспадан шыққан.

Алибекова Жазира Даулетхановнаның 8D01510 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Бейіндік сынып оқушыларын практикалық мазмұнды есептерді математикалық модельдеу әдісімен шығаруға оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәлелді, жан-жақты зерттелген, аяқталған біліктілік жұмысы болып табылады. Оның авторы Алибекова Жазира Даулетхановнаның 8D01510 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
физика-математика
ғылымдарының докторы,
профессор
М.Әуезов атындағы ОҚУ



Аширбаев Н.Қ.

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

ҚЖЖ бөлімінің
басшысы

